

1943 жылдан  
басылымда  
(6199)  
21 наурыз  
2026 жыл

Ел шебінде

ҚР ҰҚК ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІНІҢ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ

# ОТАН САҚСНУСЫ

## ПРЕЗИДЕНТ МАРАПАТТАҒАН ШЕКАРАШЫ АРУЛАР

Көктемнің шуақты мерекесі – 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні қарсаңында ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында аянбай қызмет етіп жүрген нәзік жандылардың еңбегі ерекше аталып өтті. Биыл Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын сенімді күзету ісіне қосқан елеулі үлесі, әскери және қызметтік борышын атқару кезінде көрсеткен батылдығы мен жанқиярлығы үшін, сондай-ақ мереке қарсаңында Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің үш әскери қызметшісін мемлекеттік наградалармен марапаттады.

12



Наурыз



ТЕМІРДЕЙ  
ТӘРТІП  
ҰЯЛАҒАН  
БӨЛІМШЕ

2




ШЕКАРАШЫЛАР  
ТЫНЫШТЫҚҚА  
СЕНБЕЙДІ

6



ШЕКАРАШЫЛАР  
САПЫНА  
ҚОСЫЛДЫ

11



Ефрейтор Маржан Исаева мен қатардағы Эльвира Нургужина ҰҚК Шекара қызметі Әскери-патриоттық қызметі басқармасы ансамблі вокал тобының құрамында қызмет атқарады. Қазақстан Республикасының Президенті Маржан Исаева мен Эльвира Нургужинаға «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағын берді. Олар өнер арқылы шекарашылардың рухын көтеріп, әскери ұжымның мәдени өмірін байытуға елеулі үлес қосып келеді. Қазақтың халық және дәстүрлі әндерін, патриоттық шығармаларды кәсіби деңгейде орындап жүрген өнерпаздар түрлі мәдени іс-шараларда, республикалық және халықаралық байқауларда өнер көрсетіп, жүлделі орындарды иеленген өнерпаздар. Ансамбль құрамында олар шекара маңындағы өңірлерде, департаменттерде, сондай-ақ халықаралық іс-шараларда өнер көрсетіп, ұлттық қауіпсіздік органдарының оң имиджін қалыптастыруға белсенді атсалысып келеді. Патриоттық концерттер мен шығармашылық жобалар арқылы әскери қызметшілердің жауынгерлік рухын көтеріп қана қоймай, жас ұрпақты елін, жерін сүюге тәрбиелеуге де өз үлестерін қосуда.

Ал аға сержант Жансұлу Алдиярова – «Астана» шекаралық бақылау басқармасының тәжірибелі әскери қызметшісі. Ол қызметтегі көрсеткен ерен еңбегі мен қырағылығы үшін Қазақстан Республикасының Президенті тарапынан «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен марапатталды. Ол Шекара қызметінде жиырма жылдан астам уақыт бойы абыройлы еңбек етіп келеді. Күнделікті қызметінде кәсіби қырағылығымен, жауапкершілігімен және табандылығымен ерекшеленетін ол мемлекеттік шекарадан өтетін азаматтарды бақылау барысында көптеген құқық бұзушылықтардың алдын алып жүр. Өткен жылдың қараша айында оның қырағылығының арқасында халықаралық рейс жолаушыларының бірінен еліміздің аумағына заңсыз әкелінбек болған ірі көлемдегі есірткі заты анықталып, қауіпті қылмыстың жолы кесілді. Сонымен қатар қызметтік міндеттерін орындау барысында ол мыңдаған жолаушыны мемлекеттік шекарадан өткізіп, көші-қон заңнамасын бұзу, декларацияланбаған шетел валютасын алып өту, қос азаматтық фактілері сияқты құқық бұзушылықтарды анықтауға елеулі үлес қосып келеді.

Шекара қызметіндегі әйелдердің еңбегі – ерекше құрметке лайық. Олар әскери тәртіп пен жауапкершілікті, кәсіби шеберлікті және нәзіктік пен мейірімділікті қатар алып жүр. Ел тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында қызмет етіп жүрген мұндай арулар – нағыз отансүйгіштіктің жарқын үлгісі.



Мемлекет тарапынан берілген бұл жоғары марапат – олардың адал еңбегіне көрсетілген зор құрмет. Ел шебінде қызмет атқарып жүрген аруларымыздың жетістігі – бүкіл Шекара қызметінің мақтанышы. Осы мерекелі күнде мемлекеттік наградаға ие болған әскери қызметші аруларды шын жүректен құттықтай

отырып, оларға мықты денсаулық, отбасылық амандық және Отан игілігі жолындағы қызметтеріне табыс тілейміз.

ҚР Журналистер одағының мүшесі,  
подполковник Ж.КЕМЕЛ, «OS-ЧР».  
Суреттер ҰҚК Баспасөз қызметінен.

### ҚҰРМЕТТІ ШЕКАРАШЫЛАР! АРДАҚТЫ АРДАГЕРЛЕР!

Сіздерді баршаңызға ортақ қуаныш пен бөрекенің, бірлік пен жаңарудың нышаны – 22 наурыз, Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!

Наурыз – ата-бабамыздан жеткен ізгі дәстүрлерді ұлықтайтын, татулық пен өзара сыйластықты дәріптейтін, елдің еңсесін көтеретін қасиетті мереке. Бұл күн – табиғатпен бірге адам баласының да рухы жаңарып, болашаққа сеніммен қадам басатын сәт. Шығыс данышпандары аса бір дәлдікпен айқындаған күн мен түннің, жарық пен қараңғының теңелген күні.

Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесінің өне бойында нағыз адами, мейірім мен шапағатқа толы киелі қасиеттер бар. Бұл күні адамдар бір-біріне мейірімін көрсетеді, амандық-есендік айтысады, ақ тілек ағытылып, жалпыға жақсылық тіленеді. Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетіледі.

Осы шуақты мерекеде ақ ниетпен өткенге салауат айтып, ақ тілекпен Наурызды қарсы алайық! Отанымызға – береке, халқымызға – игілік, мемлекетімізге – молшылық, шекарамызға тыныштық, ал әр шаңыраққа бақыт пен шаттық тілеймін. Елімізді өркендетуге, Отанымыздың тыныштығын қамтамасыз етуге бағытталған қызметтеріңіз әрдайым табысты болсын. Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын! Наурыз мейрамы құтты болсын!

Қазақстан Республикасы ҰҚК Төрағасының орынбасары –  
Шекара қызметінің директоры  
генерал-майор

Е. АЛДАЖҰМАНОВ





## КӘСІБИ ҚЫРАҒЫЛЫҚ

«Басқұншы» шекара бөлімшесі Жетісу облысы Панфилов ауданының Басқұншы ауылдық округінде орналасқан. Ауыл көркем табиғатымен, құнарлы жерімен және атақты апорт алмаларымен танымал.

Басқұншы ауылындағы шекара бекетінің тарихы өткен ғасырдан басталады. Алғаш рет шекаралық бекет болып құрылған. Кейінгі жылдары Шекара қызметіндегі өзгерістерге байланысты бекет 1974 жылы шекара заставасы болып қайта құрылды.

Әр жылдары бөлімшені түрлі офицерлер басқарды. Олар шекараны күзету ісіне зор үлес қосты. Әскери тәртіп пен жауынгерлік дайындықты жоғары деңгейде ұстап келді. Қазіргі таңда бөлімшені капитан Ернат Беріков басқарады. Бөлімше жеке құрамы мемлекеттік шекараны күзету жолында күнделікті жауапты қызмет атқарады.

Шекарашылардың негізгі міндеті – мемлекеттік шекараны күзету, заңсыз өту әрекеттерінің алдын алу және шекара режимінің сақталуын қамтамасыз ету. Осы бағытта бөлімше жеке құрамы тәулік бойы шекара күзетін жүргізіп, белгіленген аумақта бақылауды күшейтіп келеді. Соңғы жылдары шекара режимін бұзған азаматтарға қатысты әкімшілік шаралар

қолданылып отыр. Мысалы, 2025 жылы – жиырмаға жуық азамат, ал 2026 жылдың басынан бері бес азамат жауапкершілікке тартылған.

Шекарашылардың кәсіби қырағылығының арқасында заңсыз әрекеттердің алды алынуда. Соның бір дәлелі – 2024 жылы қарашада орын алған оқиға. Сол күні «Дабыл тобы» шекара наряды мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өтпек болған көрші ел азаматының жолын кесті.

«Басқұншы» шекара бөлімшесі тек шекараны күзетумен ғана шектелмей, ауылдың қоғамдық өміріне де белсенді қатысады. Бөлімшенің әскери қызметшілері ауылда өтетін мәдени және қоғамдық іс-шараларға қатысып, жергілікті тұрғындарға қолдау көрсетіп келеді.

«Басқұншы» шекара бөлімшесі ел қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Шекарашылардың қырағылығы мен жауапкершілігінің арқасында мемлекеттік шекара сенімді күзетіліп, ел тыныштығын сақтап келеді. Олардың адал қызметі – елдің тәуелсіздігі мен бейбіт өмірінің кепілі.

**ҚР Журналистер одағының мүшесі, подполковник М.ҚАРЕКЕНОВ, «OS-ЧР».**  
Сурет шекара бөлімшесінен.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы – ел тәуелсіздігі мен қауіпсіздігінің басты кепілі. Осы қасиетті шепті күзетіп, халықтың тыныштығын қамтамасыз ететін бөлімшелердің бірі – ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Басқұншы» шекара бөлімшесі.



## ТЕМІРДЕЙ ТӘРТІП ҰЯЛАҒАН БӨЛІМШЕ

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Жамбыл облысы бойынша департаментіне қарасты Қордай ауданының жазығында орналасқан «Жасыл төбе» шекара бөлімшесі – ел тыныштығының тірегі, бейбіт өмірдің қорғаны. Әрбір таң атқан сәттен бастап, сарбаздардың қырағы көзі мен сергек қадамы шекара бойында сақтық пен сенімділіктің нышанына айналады. Тәуелсіздіктің шекарасын күзету – тек қана әскери міндет емес, бұл – ұлт алдындағы борыш, тарих алдындағы жауапкершілік.

Бөлімшенің күнделікті қызметі жүйелі түрде ұйымдастырылған. Шекара бойында орналасқан инженерлік құрылыстардың беріктігі қатаң бақыланып, бейнебақылау жүйелері арқылы кез келген қозғалыс жіті назарға алынады. Шолғын жаяу да, көлікпен де, кейде атпен де жүргізіледі. Әрбір топқа жүктелген міндеттің жауапкершілігі ерекше. Шекарашы сарбаздың қырағылығы – мемлекет қауіпсіздігінің кепілі. Оған қоса кинологтар мен олардың сенімді серіктері – қызметтік иттер – заңсыз көші-қон мен контрабанда әрекеттерін анықтауда айрықша рөл атқарып жүр.

«Жасыл төбе» бөлімшесінде сарбаздар тек әскери қызметті атқарып қана қоймай, рухани-адамгершілік тұрғыдан да шыңдалады. Әскери антқа адал болу, серіктесіне сену, туған жердің қадірін білу – олардың жүрегіне бала кезден сіңірілген қасиеттер. Бұл жерде әскери тәртіп пен патриоттық рух қатар өріліп, жас сарбаздарды болашақ өмірге шыңдайды. Қордайдың қыратына қараған әрбір күзетші көзіне туған елінің бейнесін елестетіп, Отан алдындағы борышын ұғынады.

Бөлімше бастығының міндетін



уақытта атқарушы лейтенант Ахмет Болат – өз қарамағындағы сарбаздар үшін үлгі тұтар тұлға. Ол қызмет барысында қатаң тәртіпті талап ете отырып, әрбір жас сарбаздың ерік-жігерін шыңдауға, бойына патриоттық сезімді дарытуға баса мән береді. Оның айтуынша, «Шекарашы үшін ең бастысы – ел сенімін ақтау. Әрбір күнгі атқарылған жұмыс – халықтың бейбіт өмірін сақтау жолындағы ерен еңбек». Ұжым арасында сенім мен ұйымшылдық орнатып, қызметтің сапасын арттыруға бар күшін жұмсауда.

«Жасыл төбе» шекара бөлімшесінің сарбаздары талай мәрте заңсыз әрекеттердің жолын кесті. Олар контрабандалық тауарларды әкелуге тырысқан топтарды анықтап, шекарадан заңсыз өтпек болғандарды дер кезінде тоқтатып отырды. Бұл жетістіктер – сарбаздардың қырағылығы мен кәсібилігінің айқын көрінісі. Сонымен бірге бөлімше ұжымы жергілікті халықпен тығыз қарым-қатынаста. Ауыл тұрғындары шекарашыларды бейбіт өмірдің кепілі, елдің қорғаны ретінде бағалайды. Уақыт алмасқанымен, ұрпақ ауысқанымен, шекара күзетінің қасиетті міндеті ешқашан өзгермейді. Қазақстан шекарасының әрбір қадамы – мыңдаған сарбаздың терімен, қырағылығымен және адалдығымен қорғалып келеді.

**Капитан А.ЖЕКСЕНБИН, «OS-ЧР».**  
Сурет шекара бөлімшесінен.



## АЛДЫҒЫ ШЕПТЕГІ БӨЛІМШЕ

Шекара қызметінің Павлодар облысы бойынша департаментіне қарасты «Арлан» шекара бөлімшесі – жауапкершілігі зор, қызмет қарқыны жоғары айрықша бөлімшелердің бірі. Шарбақты ауданының Сынтас ауылында орналасқан аталмыш шекара бөлімшесі департаментке жақын орналасқан бөлімшелердің бірі болғанымен, мұндағы қызметтің салмағы мен маңызы мүлдем бөлек.



Аталған аумақта шекарашылардың жіті назарын қажет ететін бірнеше маңызды нысан бар. Соның бірі – бір бөлігі Ресей Федерациясына, басым бөлігі Қазақстан аумағына тиесілі «Бура» тұзды көлі. Мұнда мекендейтін артемия шаяндары әлемдік нарықта жоғары бағаланады. Сол байлықты заңсыз жолмен игергісі келетіндер шекара тәртібін елемейді. Осы тұста шекарашылардың қырағылығы басты тосқауыл.

Сонымен қатар, бөлімше аумағында үш бірдей халықаралық өткізу бекеттері орналасқан. Шекарадан заңды түрде өте алмаған азаматтардың бақылау өткізу пунктінен тыс жерден заңсыз кесіп өтуге тырысуы - бөлімше шекарашыларының күнделікті бетпе-бет кездесетін мәселесінің бірі. Мұның барлығы шекарашылардың бір сәтке де босаңсуына мүмкіндік бермейді.

Департамент тарихында Арландық шекарашылар айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізіп, 9 рет үздік шекара бөлімшесі атанып үлгерген. Сонымен қатар бірнеше мәрте үздік кинолог, үздік бастық орынбасары, үздік старшина, үздік аға техник және үздік мобильдік топ бастығы осы бөлімшеден шықты. Бұған қоса, 60-тан астам контрабандалық әрекет әшкереленіп, 100-ден астам мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өту фактілері дер кезінде тоқтатылған.

2025 жылдың қорытындысы бойынша департамент аумағында «Арлан» шекара бөлімшесі қызметтік-жауынгерлік іс-әрекеттің қорытындысы бойынша үздік атанды. Осы нәтижеге қосқан үлесі үшін бөлімше бастығы аға лейтенант Роман Калашников, сондай-ақ 1-мобильдік топтың бастығы сержант Александр Павышев департамент бойынша үздік деп танылды. Қызмет барысында қол жеткізген жоғары көрсеткіштері үшін Павлодар облысы бойынша департаментінің бастығы бөлімшеге су жаңа «Jas T8 Pro» автокөлігінің кілтін табыс етті.

Бүгінде «Арлан» шекара бөлімшесінің жеке құрамы тәулік бойы ел шебін күзетіп, қауіп-қатері жоғары бағыттардың бірінде мемлекеттік шекараның мызғымастығын абыроймен қамтамасыз етіп келеді.

Майор Г.САДЫКОВА, «ОС-ЧР».  
Сурет шекара бөлімшесінен.

## ШЕКАРА ТЫНЫШТЫҒЫ – СЕНІМДІ ҚОЛДА

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын қорғау – ел қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды әрі жауапты міндеттерінің бірі. Осы қасиетті міндетті абыроймен атқарып келе жатқан бөлімшелердің бірі – ҚР ҰҚК ШҚ Түркістан облысы бойынша департаменті Мақтаарал ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Жаңа ауыл» шекара бөлімшесі.

2000 жылдан бастап «Жаңа ауыл» шекара бөлімшесі Мақтаарал ауданына қарасты Жаңа ауыл ауылдық округінің Мырзашөл елді мекеніндегі бұрынғы балабақша ғимаратының аумағында орналасты. Кейіннен 2005 жылы жүргізілген қайта ұйымдастыру жұмыстарының нәтижесінде аталған нысан шекарашылардың қызметтік қажеттілігіне сәйкес бейімделді. Нәтижесінде казарма мен офицерлер және олардың отбасы мүшелері тұратын тұрғын үйлер қарастырылды. «Жаңа ауыл» шекара бөлімшесі Өзбекстан Республикасымен шекаралас аймақта жалпы ұзындығы 21 шақырымға жуық болатын учаскені күзетеді. Бөлімшенің жауапкершілік аймағы негізінен жазық жер бедерінде орналасқан. Шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бөлімше инженерлік-техникалық құрылғылармен жабдықталған. Сонымен қатар бөлімшеде шекара қызметінің тиімділігін арттыру үшін екі іздестіру иті қызмет атқарады. Бұл қызметтік жануарлар шекаралық тәртіпті бұзудың алдын алуда маңызды рөл атқарады.

«Жаңа ауыл» шекара бөлімшесінің бастығы – капитан Әлібек Мейрамбаев. Ол 1996 жылы Абай облысы Мақаншы ауданында дүниеге келген. ҚР ҰҚК Шекара академиясының 2018 жылғы түлегі. Сол жылдан бастап ҚР ҰҚК Шекара қызметі қатарында абыройлы қызмет атқарып келеді.


2025 жылдың қорытындысы бойынша «Жаңа ауыл» шекара бөлімшесі Мақтаарал ауданы бойынша шекара басқармасының арасында

үздік бөлімше деп танылып, марапатталды. Бұл – бөлімше жеке құрамының үйлесімді әрі кәсіби қызметінің нәтижесі. 2026 жылдың басынан бастап бөлімше қызметкерлері шекаралық аймақта құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытында жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Қаңтар айында шекаралық белдеуде заңсыз балық аулаумен айналысқан азамат ұсталып, өкімшілік құқық бұзушылық жауапкершілікке тартылды. Сонымен қатар профилактикалық жұмыстар нәтижесінде 30-ға жуық адам өкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етуде жергілікті атқарушы органдармен және тұрғындармен өзара іс-қимылдың маңызы зор. Осы бағытта «Жаңа ауыл» шекара бөлімшесі Жетісай қаласына жақын орналасуына байланысты өңірде өтетін қоғамдық-мәдени іс-шараларға белсенді түрде қатысып келеді. Сонымен қатар жастарды патриоттық тәрбиелеу мақсатында Жаңа ауыл ауылдық округіндегі мектепте «Жас шекарашы» үйірмесі жұмыс істейді.

Мемлекеттік шекараның беріктігі – ел тыныштығының кепілі. Ал осы тыныштықты сақтауда «Жаңа ауыл» шекара бөлімшесінің әскери қызметшілері күнделікті жауапты міндеттерін адал атқарып, Отан алдындағы антына берік екендігін дәлелдеп келеді.

Подполковник  
Р.АСАДИЛОВ, «ОС-ЧР».  
Сурет шекара бөлімшесінен.





## МЕМЛЕКЕТТІҢ СЕҢІМДІ ҚОРҒАНЫ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы – егемендігіміздің символы, тәуелсіздігіміздің берік шебі. Сол шекараны күндіз-түні күзетіп, ел тыныштығын сақтап отырған ерлердің бірі – «Майтолғазы» шекара бөлімшесінің әскери қызметшілері. Бұл бөлімше ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаментінің Мақаншы ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты. 1968 жылдан бері қызмет етіп келе жатқан шекара бекеті еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде үлкен рөл атқарады.

Абай облысы Мақаншы ауданы Бақты ауылында орналасқан «Майтолғазы» шекара бөлімшесі – 1968 жылдан бері Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету мен қорғау ісінде маңызды рөл атқарып келеді. Бөлімше құрылған сәттен бастап, ел қауіпсіздігін сақтау мақсатында үздіксіз қызмет етіп, шекараны сенімді күзетумен айналысып келеді. Мемлекеттік шекараның мызғымастығын қамтамасыз ету – тек әскери бөлімшенің ғана емес, бүкіл елді мекен тұрғындарының да ортақ борышы. Осы мақсатта бөлімше жергілікті халықпен тығыз байланыс орнатып, бірлесе жұмыс атқарады.

«Майтолғазы» шекара бөлімшесі қазіргі заманғы талаптарға толықтай сәйкес келеді. Мұнда қару-жарақ сақтау орындары, жаттығу қалашықтары, автотұрақтар мен түрлі бағыттағы қоймалар қарастырылған. Сондай-ақ бөлімшенің аумағы мен жауапты учаскелері қажетті инженерлік құрылыстармен, тосқауылдармен қамтамасыз етілген.

Бөлімшеде штаты толық қамтылған олардың барлығы өз саласының білікті мамандары. Шекарашылар – отансүйгіштік пен қайсарлықтың символы. Әр әскери қызметші елге берген антына адалдық танытып, Қазақстан шекарасын сенімді қорғау жолында аянбай еңбек етеді.

«Майтолғазы» шекара бөлімшесінің негізгі міндеттері мыналар: мемлекеттік шекараны



тарға сәйкес жүзеге асырады.

Шекарашылардың күнделікті қызметі – мемлекеттік шекараны күзетуге қатысу және бөлімшенің қызметтік-жауынгерлік тапсырмаларын орындау. Күн сайын әскери қызметшілер жоспарлы сабақтарға қатысып, тәжірибелік жаттығулар өткізеді. Сондай-ақ шекарашылардың кәсіби деңгейін арттыру мақсатында теориялық және практикалық оқыту жүйелі түрде ұйымдастырылады. Физикалық дайындық – әрбір шекарашы үшін маңызды талап. Олардың дене дайындығы, жауынгерлік қабілеті мен психологиялық тұрақтылығы жоғары деңгейде болуы шарт.

Қазіргі таңда «Майтолғазы» шекара бөлімшесі шекараны қорғау мен қауіпсіздікті қамтамасыз етуде заманауи техникалық құралдарды кеңінен қолданады. Пилотсыз ұшу аппараттары, бейнебақылау жүйелері мен түрлі байланыс құралдары арқылы шекара қызметін жетілдіру жолында ауқымды жұмыстар атқарылуда.

Шекара бөлімшесі жергілікті қырағылықпен күзету, есірткі, психотроптық заттардың елге заңсыз кіруіне тосқауыл қою, шекара бұзушылық әрекеттердің алдын алу, діни-экстремистік топтардың ел тыныштығын бұзуына жол бермеу, Жергілікті билік органдарымен және тұрғындармен бірлесіп шекараны қорғау. Бөлімше өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Әскери Жарғыларға және басқа да заңнамалық құжат-

халықпен тығыз байланыста жұмыс істейді. Әкімдік, мектептер және қоғамдастық өкілдерімен бірлесе отырып, түрлі мәдени, патриоттық және тәрбиелік іс-шаралар өткізіледі. Бөлімше ұйымдастыратын шаралар қатарында: Ашық есік күндері, патриоттық тәрбие беру мақсатында мектеп оқушыларымен кездесулер, бірлескен рейдтік іс-шаралар, қайырымдылық акциялары бар. Бұл жұмыстар жас ұрпақтың бойында патриотизм мен мемлекеттік шекараға деген құрметті қалыптастыруға бағытталған.

«Майтолғазы» шекара бөлімшесі көптеген шекара бұзушыларды құрықтауда көзге түскен. Олардың бірі – 2014 жылы Қазақстан Республикасынан заңсыз өтпек болған Қытай Халық Республикасының азаматын ұстау оқиғасы. Бұл жағдай бөлімше қызметкерлерінің жоғары кәсібилігі мен шекара күзетіндегі табандылығын айқын көрсетті.

Шекара бөлімшесі алдағы уақытта шекараны қорғау жүйесін одан әрі жетілдіруді, жаңа технологиялар мен байланыс құралдарын енгізуді жоспарлап отыр. Бөлімше қызметкерлерінің елеуметтік жағдайын жақсарту да – басты назарда.

«Майтолғазы» шекара бөлімшесі Қытай Халық Республикасымен шекаралас аймақта орналасқандықтан, екі елдің шекара қызметтері тығыз ынтымақтастық орнатқан. Өзара тәжірибе алмасу, бірлескен патрульдеу және шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы шаралар жүйелі түрде жүргізіледі.

Бөлімше өскелең ұрпақтың бойында отансүйгіштік сезімін қалыптастыру мақсатында әске-

ри-патриоттық жұмыстарды жүйелі түрде ұйымдастырады. Мектеп оқушыларымен кездесулер өткізіп, шекарашы мамандығының маңыздылығын түсіндіреді.

«Мемлекет шекарадан басталады» деген ұстанымды негізге ала отырып, шекара қауіпсіздігіне әрбір азаматтың үлес қосуы қажет екендігі жастарға насихатталады.

Капитан Ильясов Ералы Қалқаманұлы – «Майтолғазы» шекара бөлімшесінің бастығы. 1996 жылы Абай облысы, Аягөз қаласында дүниеге келген. 2018 жылы ҚР ҰҚК Шекара академиясын бітіріп, шекара қызметінде бірнеше жылдық тәжірибе жинақтады. 2021 жылдан бастап бөлімше бастығы лауазымын атқарып келеді. Оның басты мақсаты – шекара күзетін жетілдіру және әскери тәртіпті нығайту.

Лейтенант Нұрмағамбет Рахым Райымбекұлы – бөлімше бастығының орынбасары. 2001 жылы Алматы қаласында туған. 2024 жылы ҚР ҰҚК Шекара академиясын тәмамдап, «Майтолғазы» шекара бөлімшесінде қызмет жолын бастады. Өз ісіне берілген болашақта елдің шекара қауіпсіздігін нығайту жолында еңбек етуді мақсат тұтқан офицер.

«Майтолғазы» шекара бөлімшесі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасының сенімді қорғаны. Мұндағы әрбір шекарашы өз елінің тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін аянбай еңбек етеді. Бөлімше келешекте де өз міндетін жоғары деңгейде атқара отырып, ел шекарасының берік қорғаны болып қала береді!

Аға лейтенант  
Е.ҚАЙРТАЙ, «OS-ЧР».  
Сурет шекара бөлімшесінен.

Осындай жауапты міндетті абыроймен атқарып келе жатқан бөлімшелердің бірі – Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі Ақтөбе облысы бойынша департаментінің «Жайсан» шекара бөліміне қарасты «Әлімбет» шекара бөлімшесі.

2001 жылдың 7 тамызында Ақтөбе облысы Әлімбет ауылында құрылған бұл шекара бөлімшесі бүгінгі күні Ресей Федерациясымен шекаралас шекара учаскесін сенімді күзетіп, ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында маңызды қызмет атқарып келеді.

2026 жылғы 5 наурызда «Әлімбет» шекара бөлімшесі аумағында екі Марокко патшалығының азаматы ұсталды. Бұл тіркелген оқиға – бөлімшенің шекара тәртібін бұзуға жол бермейтіндігін және белсенді профилактикалық-тәртіптік шараларын тағы бір мәрте дәлелдейтін факті болып табылады.

Соңғы жылдары бөлімше департамент көлемінде үздік бөлімшелер қатарынан көрініп, бірқатар жетістіктерге қол жеткізді. Атап айтқанда, 2022 жылы бақылау сабағының қорытындысы бойынша 2-орынды иеленсе, 2024 жылы мемлекеттік шекараны күзету мен қорғау жөніндегі қызмет нәтижелері бойынша да 2-орынды еншіледі.

2025 жылдың қорытындысы бойынша жүргізілген тәрбие және идеологиялық жұмыстар жоғары бағаланып, бөлімше бастығының орынбасары лейтенант Ерұлан Нышанов Ақтөбе облысы бойынша департамент көлемінде «Үздік тәрбиеші офицер» атағына ие болды. Бұл – оның жеке құраммен жүргізген жүйелі жұмысының және әскери ұжымдағы тұрақты моральдық-психологиялық ахуалдың нақты дәлелі.

Сонымен қатар бөлімше әскери қызметке қызығушылық танытқан жастармен де белсенді жұмыс жүргізуде. «Жас шекарашы» әскери-патриоттық клубының мүшелерімен өткізілетін кездесулер, ашық есік күндері мен экскурсиялар жас буынның отансүйгіштік рухын қалыптастыруға ықпал етуде. Бұл – болашақ шекарашылардың алғашқы әскери мектебі іспетті.

Қорыта айтқанда, «Әлімбет» шекара бөлімшесі – бүгінгі таңда тек әскери құрылым ғана емес, мемлекеттік шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі үлгілі шекара бөлімшесінің бірі. Мұнда қызмет ету – үлкен мәртебе, ал сол мәртебені абыроймен атқару – әрбір шекарашының қасиетті борышы.

Аға лейтенант  
Ж.ШАРМАКОВ, «OS-ЧР».  
Суретті түсірген автор.

## ҚЫРАҒЫЛЫҚ ПЕН ТӘРТІП

Мемлекеттік шекара – ел тәуелсіздігінің мызғымас қалқаны, мемлекет қауіпсіздігінің берік тірегі. Шекара тыныштығы – ел тыныштығы. Ал сол тыныштықты күні-түні күзетіп, шекара шебін қорғап жүрген шекарашылар.





## «АЛТЫНКУМ» – КУРОРТНАЯ ИДИЛЛИЯ



Теплый морской ветер, мягкий песчаный берег и бескрайняя водная гладь – побережье здесь по праву считается одним из самых живописных уголков региона. Удобный выход к морю, россыпь ракушек и природная красота притягивают сюда многочисленных отдыхающих, особенно в летний сезон.

Но за этой курортной идиллией стоит ежедневная и ответственная служба военнослужащих в зеленых фуражках. Именно здесь расположен пост технического наблюдения «Алтынкум» пограничного отделения «Акшукур» пограничного управления по Каракиянскому району Департамента ПС по Мангистауской области.

Руководит подразделением лейтенант Елюбай Асыл – выпускник Пограничной академии КНБ 2024 года. Офицер уделяет особое внимание подготовке личного состава и практическому обучению молодых солдат.

Контроль обстановки осуществляется с применением современных радиолокационных станций и технических средств наблюдения. С их помощью пограничники отслеживают ситуацию в акватории Каспийского моря, выявляют нарушителей пограничного законодательства и контролируют передвижение плавательных средств.

По словам офицера, высокая туристическая активность лишь усиливает нагрузку на подразделение. Интенсивное движение судов и постоянный поток отдыхающих требуют максимальной собранности и профессионализма.

Основу поста составляют военнослужащие срочной службы, недавно прибывшие

из учебного центра. Для солдат это первые недели на боевом участке – период адаптации, вхождения в ритм службы и закрепления полученных знаний на практике.

– Солдаты осваивают сложную технику радиолокационного контроля и современные системы наблюдения. Если в учебном центре работа велась в учебной обстановке, то теперь полученные навыки применяются в реальных условиях несения службы, – отмечает начальник поста.

– Мы только прибыли на пост и постепенно адаптируемся к службе. Оборудование серьезное, требует точности и внимательности. Здесь все по-настоящему – реальная обстановка и высокая ответственность. Благодаря поддержке и наставничеству командира осваиваем технику уверенно, – отметил рядовой Айдын Бокеев.

Благодаря таким пограничникам обеспечивается надежная охрана морского участка Государственной границы Республики Казахстан. Пожелаем молодым солдатам уверенной службы, профессионального роста и успешного выполнения поставленных задач.

Капитан  
А.ЖАНАЛИПОВ, «OS-ЧР».  
Фото автора.

## СЕВЕРНЫЕ ВОРОТА СТРАНЫ

Днем и ночью сюда подъезжают легковые, грузовые автомобили, автобусы. Поток не прерывается практически ни на минуту. Для военнослужащих отделения пограничного контроля «Жана Жол» (автомобильное) этот ритм давно стал привычным.

За прошлый год через этот участок Государственной границы прошли более полумиллиона человек и около трехсот тысяч транспортных средств. За сухими цифрами – напряженная работа смен пограничных нарядов, где каждое решение принимается быстро и точно.

Иногда достаточно одного вопроса или внимательного взгляда, чтобы понять: ситуация требует более тщательной проверки. Так выявляются попытки пересечения границы по чужим документам – в прошлом году военнослужащие отделения пограничного контроля пресекли два таких случая.

Был и факт незаконного пересечения Государственной границы, когда нарушитель попытался миновать контроль. Попытка оказалась неудачной – опыт пограничников не оставил ей шансов.

Особое внимание уделяется проверке документов. В результате такой работы в течение года выявлено два десятка фактов двойного гражданства.

Не менее важная часть службы – борьба с незаконным перемещением запрещенных предметов и веществ. За год в пункте пропуска было задержано несколько партий наркотических средств, выявлены десятки единиц оружия и боеприпасов, а также предотвращены попытки ввоза запрещенной религиозной литературы.

Случаются и ситуации, когда обычная проверка транспорта приводит к неожиданным результатам. Так, в ходе досмотров было выявлено несколько автомобилей с несоответствием VIN-кодов, которые могли находиться в розыске.

Чаще всего пограничники сталкиваются с попытками незаконного провоза различных товаров, без оформления требующихся разрешительных

документов. За год в пункте пропуска зафиксировано около двухсот таких фактов. За каждой из этих попыток – желание обойти закон, и за каждой – внимательность тех, кто стоит на страже границы.



Сегодня пункт пропуска «Жана Жол» (автомобильное) переживает новый этап своего развития. Здесь проводится масштабная реконструкция. Постепенно меняется инфраструктура: строятся новые здания, модернизируются линии контроля, расширяются подъездные пути.

Планируется и внедрение новой техники – передвижного инспекционно-досмотрового комплекса, который позволит быстрее и точнее проверять транспорт и выявлять скрытые грузы.

В канун Нового года военнослужащие отделения пограничного контроля решили сделать маленькое доброе дело. По собственной инициативе они посетили два детских дома области. Сладкие подарки, подготовленные от имени всего личного состава, достались каждому воспитаннику. Для детей это был настоящий праздник, а для пограничников – возможность подарить немного тепла тем, кому оно особенно необходимо.

На пункте пропуска «Жана Жол» (автомобильное) тем временем продолжается привычная работа. Подъезжают машины, открываются и закрываются шлагбаумы, звучат короткие команды старшего смены. И в этом постоянном движении незаметно проходит главная линия – линия Государственной границы, за которой стоит спокойствие страны.

Майор  
Д.МУКАЖАНОВА, «OS-ЧР».  
Фото из личного архива подразделения.



## АТЫ ЗАТЫНА САЙ БӨЛІМШЕ

ҚР ҰҚК ШҚ Жамбыл облысы бойынша департаменті Қордай ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Еңбек» шекара бөлімшесі – Мемлекеттік шекараны тікелей күзетуді жүзеге асыратын, тәуліктік нарядтар үзілмей шығарылатын бөлімше. Шекара сызығы өтетін, табиғи рельефі жиі өзгеріп тұратын аумақта орналасқандықтан, шекара аумағын бақылау тәулік бойы мұқият жүргізіледі.



Таң рауандаған сәттен бастап нарядтар белгіленген бағытқа шығып, инженерлік бөгеттердің жағдайын, із-бақылау жолағының бұрынғы күйін салыстыра отырып тексереді. Түнгі және күндізгі бақылауға арналған бақылау дүрбілері, тепловизиялық құралдар мен жарық шамдары, құрылғылар нарядтардың негізгі техникалық көмекшісі болып табылады. Кез келген дыбыс, қозғалыс немесе аумақтағы өзгеріс назардан тыс қалмайды. Шекара сызығының тұрақтылығы дәл осы құралдардың нақты жұмысына және шекарашылардың қырағылығына байланысты.

«Еңбек» шекара бөлімшесінде сарбаздардың дайындық деңгейіне ерекше көңіл бөлінеді. Жауынгерлер жергілікті жерді бағдарлау, инженерлік құрылғыларды тану, тактикалық саптық сабақ, радиобайланыс құралдарын қолдану және шұғыл жағдайларда әрекет ету бойынша күнделікті жаттығулардан өтеді. Бұл дағдылар шекара сызығында қызмет атқарғанда тікелей қажет етіледі, себебі әр бағыттың өз ерекшелігі мен қиындықтары бар.

Еңбек» шекара бөлімшесінің бастығы – аға лейтенант Рахымберды Азизхан. Жас офицер болғанына қарамастан, Шекара академиясынан өзіне қажетті білім және тәжірибені жинақтап, учаскенің ерекшеліктерін терең меңгеріп үлгерген. Қызмет барысында қойылған міндеттерге жа-

уапкершілікпен қарайтын, бөлімшенің тәуліктік жұмысын ұйымдастыруда нақты талап қоя білетін басшы ретінде қалыптасты.

Рахымберды Азизхан шекара нарядтарының бағыттарын жоспарлау, инженерлік бөгеттердің жай-күйін бақылау, техникалық құралдардың үздіксіз жұмыстарын өзі тікелей бақылайды. Ол учаскедегі кез келген өзгерісті дер кезінде талдап, шекара күзетінің бірқалыпты өрі талапқа сай жүргізілуіне назар аударады.

Бөлімше бастығы жеке құрамымен жұмысқа да ерекше мән береді. Сарбаздардың күнделікті даярлығы, оқу-жаттығулардың сапасы, қызметтік тәртіптің сақталуы – оның тұрақты бақылауындағы бағыттар. Жас болса да, командир ретінде өзін сенімді көрсетіп, бөлімшенің тыныс-тіршілігін үйлестіре алады.

«Еңбек» шекара бөлімшесінің қызметі сырт көзге байқалмайтын тыныш көрінгенімен, мемлекеттік шекараның қауіпсіздігі дәл осы жерде қамтамасыз етіледі. Қырағылық, тәртіп және жауапкершілік – бөлімшенің күнделікті жұмысының өзегі. Осы үнсіз еңбек нәтижесінде шекара сызығы тұрақты бақылауда ұсталып, елдің тыныштығы мен қауіпсіздігі сақталып отыр.

**Капитан А.ЖЕКСЕНБИН,  
«OS-ЧР». Сурет шекара  
бөлімшесінен.**

## ШЕКАРАШЫЛАР ТЫНЫШТЫҚҚА СЕНБЕЙДІ

Бүгінде аға лейтенант Дәулет Өскенбаев басқаратын «Қастек» шекара бөлімшесі – ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментіне қарасты Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасындағы қызметі қарбаластан тұратын учаскелердің бірін күзетеді. Бұған осы аумақта жиі қолға түсетін шекара режимін бұзушылар мен барымташылар дәлел бола алады. Мәселен, биылғы жыл басынан бері қастектік шекарашылар алдымен 38 бас жылқыны көрші елге заңсыз өткізбекші болған екі адамды ұстады.

Бұл бөлімшеден 22 шақырым жердегі Қоңыртөбе тауының Жаңақастек сайында орын алған. Ал 25 қаңтар күні шекара наряды 13 жылқыны қолды болудан аман сақтап қалды. Ал барымташылар ұстатпай кетті. Кейіннен анықталғандай, жылқыларды айдап бара жатқан барымташылар келе жатқан шекарашыларды алыстан байқап қалып, іздерін суытып үлгеріпті.

Сонымен қатар, шекарашылар шекара режимін бұзған төрт қазақстандық азаматты ұстап, әкімшілік жауапкершілікке тартты. Айта кетерлігі, кешегі келмеске кеткен Кеңес Одағы кезінде Шахтасай деген жерде алтын өндіріліпті. Кейін жабылып қалған осы жаққа соңғы кездері көз тігушілердің қатары көбейген көрінеді... Сондықтан, қырағылықтарын күшейткен шекарашылар қызметтерін жыл он екі ай қазақ-қырғыз шекарасының бойындағы шекаралық жылыту бекетінде жалғастырып келеді.

Аға лейтенант Д.Өскенбаев бізбен сұхбатында: «Өткен жылдың жаз айларында Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасының инженерлері 25 шақырымға бағандар орнатып, сым тартты. Желтоқсан айында бейнебақылау камерасы орнатылды. Осы камера арқылы біз шекараның 13 шақырымын бақылап отыруға мүмкіндік алдық. Бұған қоса, шекараны қорғауға «Соболь» автокөлігі қолданылады. Оған орнатылған мобильді оптикалық-электронды жүйелер шекараны тәулік бойы күні-түні, тіпті қолайсыз ауа-райында да бақылауға мүмкіндік береді. Ел шебінде қозғалған кез келген бейне: адамның сұлбасын, техникаларды қалт жібермейді.



Тағы бір жаңалық, шекара нарядтары бейнежетонмен жабдықталған. Әзірге біздің бөлімшеге ғана берілген бұл құрылғы шекара наряды қызметке шыққан сәттен бастап, үздіксіз бейне және аудио жазу жүргізеді. Бұл – кез келген оқиғаның – мысалы шекара бұзушыны ұстау немесе тексеру кезінде қалай өткенін нақты көруге мүмкіндік береді.

Әсіресе барымташылармен арадағы даулы жағдай туған жағдайда, жазба сотта немесе қызметтік тексеруде басты айғақ ретінде жүреді. Осылай ету арқылы біз шекарашылардың құқығын қорғаймыз», - деді.

Офицерден тағы білгеніміз, шекара бөлімшесіне Францияда жасап шығарылған екі қар шанасы беріліпті. «Өйткені, біз күзететін тауға түскен қардың

қалыңдығы бір жарым метрге дейін жетеді. Сондықтан, техника жүре алмайтын жерлерде қар шанасы таптырмас көлік», дейді аға лейтенант Дәулет Өскенбаев.

...Әрі қарай, біз бөлімше бастығының орынбасары лейтенант Зайр Хамзахунов басқарған шекара нарядымен бірге ел шебіне аттандық. Нарядтың құрамына кірген мерзімді қызметтің қатардағы жауынгерлері Нұржан Өмірзақ пен Руслан Абдиев шекарашылар сапына 2025 жылдың күзінде алыныпты. Мұнда қаңтар айында келгендерін айтады. Айтпақшы, бізді шекара шебіне жылдам жеткізген «JAC» автокөлігі шекара бөлімшесінің департаменттегі даралардың көшін бастап тұрғаны үшін беріліпті. Айта кетерлігі, өткен жылды айшықты оқиғалармен аяқтағаны үшін ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің «Үздік шекара бөлімшесі» номинациясын жеңіп алған қастектік шекарашылар биыл да жеңісті қолдан бермекші емес...

Шекаралық жылыту бекетіне дейінгі аумақты барлаған шекара нарядының қызметін суретке түсіруге кірістік. Бұл кезде шекара бойы тыныштықтың құшағында жатқан. Дегенмен, бұл – шекарашылар үшін қауіпті тыныштық... Өйткені, шекара аймағында құжатсыз жүрген азаматтар кез келген сәтте кездесуі мүмкін. Тау ішінде өз бетінше жайылып жүрген жылқылар мен ірі қараларға кездерін «тіккен» барымташылар екібастан. Сосын да шекарашылар тыныштыққа сенбейді.

**ҚР Журналистер одағының мүшесі,  
әскери журналист Т.ДӘУЛЕТБАЕВА,  
«OS-ЧР». Суретті түсірген автор.**



## ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ – ӘЙЕЛГЕ ЖАРАСҚАН



**Бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербеткен қазақ әйелінің болмысы – қайсарлық пен мейірімнің үйлесімі. Осындай асыл қасиеттерді бойына сіңірген, елге адал қызмет етіп жүрген жандардың бірі – аға сержант Ләйлә Нұрмағамбетова.**

Ләйлә Есенбайқызы 1981 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Қарапайым еңбекқор отбасында тәрбиеленіп өскен ол бала кезінен тәртіпке, жауапкершілікке баулынды. Әкесі – еңбек адамы болса, анасы – отбасының ұйытқысы, шаңырақтың берекесін келтірген жан. Осындай тәлім-тәрбиені көріп өскен Ләйлә бойына еңбекқорлық пен адамгершілік қасиеттерді сіңіре білді. Бала күнінен әскери киім киюді армандаған кейіпкеріміздің жүрегінде әскери қызметке деген қызығушылық ерте оянды. Мектеп қабырғасында жүрген кезінен-ақ болашақта елге қызмет етуді мақсат етті. Мектепті тәмамдаған соң жоғары оқу орнына түсіп, заң саласында білім алуды көздеген. Алайда тағдыр жолы оны басқа бағытқа бұрып, теміржол мамандығына оқуға түседі.

Колледжді аяқтаған соң, өмірлік таңдау жасау сәті туды. Дәл осы кезеңде бала күнгі арманы қайта жаңғырып, Ләйлә Есенбайқызы шекара қызметіне келуге бел буады. Алғашқы қадамы оңай болмағанымен, өзіне деген сенім мен табандылықтың арқасында ол мандаттық комиссиядан сәтті өтіп, 2002 жылы қызметкер лауазымына орналасады. Ал 2003 жылдың маусым айында Қызылорда қаласындағы 2019 әскери бөліміне әскери қызметке қабылданады. Міне, сол уақыттан бері ол шекара қызметі саласында абыройлы еңбек

етіп келеді. Бүгінде оны әріптестері өз ісінің нағыз маманы, жауапкершілігі жоғары, ұқыпты қызметкер ретінде таниды. Құжаттармен жұмыс істеудегі дәлдігі мен тиянақтылығы, тәртіпке деген беріктігі оны ұжымдағы үздік іс жүргізушілердің қатарына қосты.

Тіпті, әріптестері оны департаменттің ең мықты іс жүргізуші қызметкерлерінің бірі деп бағалайды. Бұл – жылдар бойы адал еңбек пен кәсібіне деген сүйіспеншіліктің нәтижесі.

– Егер шекара қызметін таңдамағанымда, бөлкім теміржол саласында жолсерік болып жүрер ме едім, – дейді кейіпкеріміз күлімсіреп. Алайда тағдыр таңдауы бекер емес еді. Бүгінде ол ел қауіпсіздігіне өз үлесін қосып жүрген, өз ісіне берілген білікті маман. Ләйлә Есенбайқызы – тек қызметкер ғана емес, сонымен қатар аяулы ана. Ол екі қыз тәрбиелеп өсіріп отыр.

Елге адал қызмет етіп, өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын, ұрпақ тәрбиесіне үлес қосып жүрген Ләйлә Есенбайқызы секілді азаматшалар – бүгінгі қоғамның мақтанышы.

**Аға лейтенант  
Ә.ТӨЛЕБАЙ, «OS-ЧР».  
Суретті түсірген автор.**

## ҚАЛТҚЫСЫЗ ҚЫЗМЕТ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын күзету – жоғары жауапкершілік пен адалдықты талап ететін абыройлы міндет. Осындай қасиеттерді бойына сіңіріп, ел тыныштығы жолында ұзақ жылдар бойы қалтқысыз қызмет етіп келе жатқан тәжірибелі әскери қызметшілердің бірі – ҚР ҰҚК ШҚ Түркістан облысы бойынша департаментіне қарасты Сарыағаш ауданы бойынша шекара басқармасы күзет тобының старшинасы аға сержант Болат Сарсенбаев.



келді. 2004 жылдың маусым айынан келісімшарт негізінде әскери қызметке қабылданып, Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын қорғау ісіне белсенді араласады. Қызмет жолында түрлі бөлімшелерде жауапты міндеттер атқарып, тәжірибесін жетілдіріп, кәсіби тұрғыдан қалыптасты. Шекара бөлімшелеріндегі қызмет барысында тәртіптілігімен, ұйымшылдығымен және тапсырылған міндетті жауапкершілікпен орындауымен ерекшеленді. Жауынгерлік даярлық пен қызметтік міндеттерді орындаудағы нәтижелі еңбегі үшін бірнеше рет ведомстволық марапаттарға ие болды, сондай-ақ түрлі алғыс хаттар мен грамоталар. Бұл марапаттар – оның көп жылғы адал қызметінің нақты дәлелі.

Қазіргі уақытта Болат Сарсенбаев 2024 жылдың шілдесінен күзет тобының старшинасы лауазымында қызмет атқарып келеді. Бұл қызмет – жоғары жауапкершілікті талап ететін маңызды міндеттердің бірі. Старшина ретінде ол жеке құрамның тәртібін, қызметтік дайындық деңгейін және әскери мүлктің сақталуын қамтамасыз етуге жауапты.

Қызмет жолындағы табыстарының артында оның берекелі отбасы тұр. Болат Анарбекович 2008 жылдан бері отбасылы, жұбайы Лаура Бақирбаева. Қазіргі таңда бала тәрбиесімен айналысып, отбасының берекесін арттыруда. Сарсенбаевтар отбасында екі ұл және екі қыз тәрбиеленіп өсіп келеді.

Көп жылдық әскери қызметінде Болат Анарбекович өзін тәртіпті, кәсіби әрі сенімді әскери қызметші ретінде көрсете білді. Оның өмір жолы – адал еңбек пен Отанға деген шынайы сүйіспеншіліктің айқын көрінісі.

**Подполковник  
Р.АСАДИЛОВ, «OS-ЧР».  
Сурет шекара басқармасынан.**

## СЕРТІНЕ БЕРІК КИНОЛОГ

Мемлекеттік шекара – ел тәуелсіздігінің мызғымас қалқаны. Сол қалқанның беріктігі шепте тұрған әрбір шекарашының сертіне, әр кинологтың қырағылығына байланысты. «Жайсан» шекара бөлімшесінде қызмет ететін кіші сержант Азамат Дарьябаев – шекара шебінде адал еңбек етіп, нақты іспен танылған кәсіби маман.

2025 жылдың қорытындысы бойынша ҚР ҰҚК Шекара қызметі Ақтөбе облысы бойынша департаменті «Жайсан» шекара бөлімшесінің екінші мобильді тобының аға нұсқаушысы кіші сержант Азамат Дарьябаев «Үздік іздеу ітінің аға нұсқаушысы» атанды. Бұл – бір жылдық еңбектің ғана емес, табандылық пен тәжірибеге сүйенген ұзақ жылдардың жемісі.

Азамат Қуандықұлы 1989 жылы Қарақалпақстанның, Нүкіс қаласы, Мичуринский ауылында дүниеге келген. 2007 жылы мектеп бітіргеннен кейін Отан алдындағы борышын өтеуге аттанып, Алматы облысы, Алакөл ауданы, Үшарал қаласындағы 2484 әскери бөлімінде мерзімді қызметін өткерді.

2014 жылдың 18 шілдесінен бастап Шекара қызметі сапында. Он үш жылға жуық уақыт ішінде шекара шебінің талай жауапты міндетін атқарды. Қызмет барысында ол 2025 жылдың нәтижесі бойынша 2 мемлекеттік шекара бұзушыны, 3 мемлекеттік шекара режимін бұзушыны ұстауға тікелей қатысып, кәсіби шеберлігін дәлелдеді. Әрбір ұсталған құқық бұзушы – шекара шебіндегі нақты нәтиже, әрбір дер кезінде қабылданған шешім – ел қауіпсіздігіне қосылған үлес.

Азаматтың сенімді серігі – 2018 жылы туған неміс овчаркасы «Парасат». Қызметтік иттің көмегімен 4 мемлекеттік шекара бұзушы ұсталды. Кинолог пен ит арасындағы байланыс – жаттығу алаңында қалыптасатын жай дағды емес, күнделікті еңбектің, үздіксіз дайындықтың, өзара сенімнің нәтижесі. Ізге түскен сәттегі «Парасаттың» шапшаңдығы мен бұйрықты бұлжытпай орындауы – нұсқаушы еңбегінің айғағы.

«Жайсан» шекаралық бақылау бөлімінде қызмет атқара жүріп, Азамат Қуандықұлы жыл басынан бері қазақ-орыс шекарасын бұзу бойынша 60-қа жуық есірткі тасымалы дерегінің алдын алуға атсалысты. Осы еңбегі үшін демартаменттің 2025 жылғы жауынгерлік іс-қимылы қорытындысы бойынша «Үздік кинолог-маманы» атанды.

Сонымен қатар, қызметтік ит Парасаттың көмегімен тиісті түрде құжаттары дұрыс рәсімделмеген көлік құралдарының, жүктер мен тауарлардың 89 дерегі анықталды. Нәтижесінде мемлекет бюджетіне 1 026 863 950 теңге көлемінде қаражат өндірілді. Бұл – шекарадағы қырағылықтың нақты экономикалық көрсеткіші.

Кіші сержант А. Дарьябаевтың Ресей Федерациясына бағыт алған транзиттік жүк көлі-



гін тексеру барысында пломба жабдығының бұзылғаны байқалып, жүргізушінің мінез-құлқы күдік тудырады. Тереңдетілген тексеру кезінде жасырылған 10 адам анықталды. Мұндай сәттерде кинологтың байқағыштығы мен сабырлылығы шешуші рөл атқарады.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасына әкелуге немесе әкетуге тыйым салынған есірткілік заттар, қару-жарақ пен оқ-дәрілер, контрабандалық жолмен өткізілетін жүктер мен тауарлардың 56 дерегінің жолы кесілді.

Қызметте талапшыл маман болса, отбасында – ардақты өке. Жары Әсиямен бірге үш ұл бір қыз тәрбиелеп отыр. Үлкені – 7-сынып оқушысы, кенжесі – 4 жаста. Шекарада – ел қорғаны, шаңырағында – отбасының тірегі.

Шекара қырағылықты сүйеді. Ал қырағылық – ісіне адал, сертіне берік, кәсібіне мығым жандардың қолында ғана сенімді қалқанға айналады. Кіші сержант Азамат Қуандықұлы Дарьябаевтың қызмет жолы – осының айқын дәлелі.

**Аға лейтенант  
Ж. ШАРМАКОВ, «OS-ЧР».  
Суретті түсірген автор.**



## ЖАУАПТЫ ҚЫЗМЕТ – СЕНІМДІ НӘТИЖЕ



Ел шекарасын күзету – үлкен жауапкершілік пен жоғары кәсіби дайындықты талап ететін маңызды міндет. Осы жауапты қызметті адал атқарып жүрген әскери қызметшілердің бірі – ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасының Жауынгерлік кезекшілік және ахуалдық ақпараттандыру бөлімінің аға операторы аға сержант Александр Золотарев.

Александр Сергеевич қызмет барысында өз міндеттерін жоғары жауапкершілікпен және кәсіби деңгейде орындап келеді. Өткен жылдың қызметтік-жауынгерлік іс-әрекеттерінің қорытындысы бойынша ол жедел кезекшілік және ахуалдық ақпараттандыру қызметінде үлгілі қызметімен ерекшеленді. Жедел кезекшілік барысында міндетін уақытылы әрі сапалы орындайды. Жоғары басшылық тарапынан бірнеше рет үздік маман ретінде аталып өтті.

Жауынгерлік қызмет барысында аға сержант А.Золотарев өзіне жүктелген міндеттерді адал әрі ұқыпты орындап, жауынгерлік кезекшіліктің талаптарын толық сақтайды. Ол жұмыс барысында «Шекара» бірыңғай автоматтандырылған жүйесінде ақпараттарды дәл әрі уақытылы жеткізуді қамтамасыз етеді. Қызмет атқару кезінде кәсіби шеберлігі мен

жауапкершілігінің жоғары екенін көрсете білді.

Жауынгерлік кезекшілікте тәртіпті қатаң сақтап, қызметтік міндеттерді орындауда ерекше мұқияттылық танытып келеді. Жедел кезекшінің барлық тапсырмаларын дер кезінде орындаумен қатар қызметтік жағдайларға жедел әрекет етеді. Сонымен қатар тапсырмаларды орындауда жылдам әрі нақты шешім қабылдай біледі.

Аға сержант Александр Золотарев - ісіне адал, жоғары жауапкершілігімен ерекшеленген әскери қызметші. Оның жауынгерлік қызметтегі үлгілі еңбегі мемлекеттік шекараны күзету ісінің тиімді әрі сапалы орындалуына елеулі үлес қосуда.

Подполковник  
М.ҚАРЕКЕНОВ, «ОС-ЧР».  
Суретті түсірген автор.

## ЕЛ ШЕБІНДЕГІ АБЗАЛ ЖАН

Ел тыныштығы мен мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз етуде шекарашылардың еңбегі қашанда ерекше. Қатаң тәртіп пен жоғары жауапкершілікті талап ететін бұл қызметте тек қару асынған сарбаздар ғана емес, олардың денсаулығын сақтап, қиын сәтте алғашқы медициналық көмек көрсететін мамандар да бар.



Солардың бірі – Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментіне қарасты «Алтай» шекара бөлімінің фельдшері сержант Бақытгүл Болыспаева.

Бақытгүл Болатбекқызы 1983 жылы Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданына қарасты Маралды ауылында дүниеге келген. Туған жерінің табиғаты көркем, еңбекқор халқы тәрбиелі бұл ауылда өскен ол, бала кезінен-ақ адамдарға көмектесуді, жақсылық жасауды өмірлік мұрат тұтты. 2000 жылы Маралды орта мектебін тәмамдаған соң, медицина саласын таңдауды жөн көрді.

Осы арманын жүзеге асыру мақсатында 2001–2004 жылдары Өскемен қаласындағы медициналық колледжде білім алып, «Емдеу ісі» факультетін тәмамдайды. Колледж қабырғасында жүріп-ақ ол өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын, алғыр да ізденімпаз студент ретінде ұстаздарының ықыласына бөленді. Нәтижесінде «фельдшер-акушер» мамандығын алып шығып, адам өмірін сақтауға бағытталған қасиетті мамандық иесі атанды.

Өмір жолындағы маңызды кезеңдердің бірі – отбасын құру болды. Оқу орнын тәмамдаған жылы болашақ жары, шекара қызметінің әскери қызметшісі Ринат Болыспаевпен танысып, шаңырақ көтереді. Бүгінде Ринат Дәулетқанұлы – «Алтай» шекара бөлімінде қызметтік иттер бойынша аға нұсқаушы лауазымында қызмет атқаратын тәжірибелі шекарашы.

Сержант Ринат Болыспаев әскери қызметін 2004–2007 жылдары Алматы облысы Алакөл ауданы бойынша Шекара басқармасынан бастаған. Кейін қызмет бабымен 2007 жылы Күршім ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты Катон-Қарағай ауданындағы «Өрел» шекара бөліміне ауыстырылып аға нұсқаушы ретінде қызметін жалғастырды.

Бақытгүл Болатбекқызы өзінің кәсіби білімін шекара қызметінде пайдаланып, «Өрел» шекара бөлімінде фельдшер лауазымында қызметін бастады. 2011 жылдан 2023 жылға дейін осы бөлімде абыройлы еңбек етіп, әскери қызметшілердің денсаулығын сақтау жолында аянбай еңбек етті. Шекарадағы ауыр әрі жауапты қызметте сарбаздардың денсаулығы мен өмірін қорғау – үлкен жауапкершілікті талап етеді. Мұндай сәттерде фельдшердің кәсіби шеберлігі мен жедел шешім қабылдай білуі ерекше маңызды.

2023 жылдан бастап ол ҚР ҰҚК ШҚ ШҚО бойынша департаментіне қарасты «Алтай» шекара бөлімінде фельдшер лауазымында қызметін жалғастырып келеді. Осылайша, Болыспаевтар отбасы – шекара шебінде бірге қызмет етіп жүрген әскери жанұялардың жарқын үлгісіне айналып отыр.

Бүгінде сержант Бақытгүл Болатбекқызы өз ісіне адалдықпен қарап, ел тыныштығын күзетіп жүрген шекарашылардың жанынан табылып келеді. Осындай еңбекқор, жауапты мамандардың арқасында шекара қызметінің беделі артып, Отан қорғау жолындағы абыройлы іс жалғасын таба бермек.

Подполковник Ф.БАКЕТОВ, «ОС-ЧР».  
Сурет департаменттен.

## МЛАДШИЙ ИЗ ДЕСЯТИ – ПЕРВЫЙ В СТРОЮ

В судьбах людей, посвятивших себя службе, часто переплетаются простота и величие. Простота – в их происхождении, в дороге, которой они идут. Величие – в стойкости характера, верности присяге и умении побеждать. История старшего сержанта Дулата Алпысова – именно из таких.



Он родился 8 мая 1979 года в небольшом североказахстанском селе Октябрь Мамлютского района. В большой и дружной семье, где росли десять детей, Дулат был самым младшим.

С 1986 по 1994 год он учился в Октябрьской средней школе. Затем были годы учебы в областной казахской гимназии №2 имени А. Досмухамбетова.

В 1997-1999 годах Дулат обучался в Акмолинском колледже г. Астаны по специальности «Таможенное дело». Однако жизнь распорядилась так, что настоящей его школой стала армия.

С 1999 по 2001 год он проходил срочную службу в г. Семей, в воинской части 5511 специальных моторизованных частей полиции. Именно здесь окончательно закалился его характер, сформировалось чувство плеча и понимание того, что служба – это не просто профессия, а дело жизни.

В ноябре 2002 года Дулат Алпысов начал службу в воинской части 2032 на должности младшего контролера заставы сопровождения поездов.

Годы службы не прошли даром. Опыт, дисциплина и личная инициатива позволили ему вырасти профессионально, и с 2008 года он служит на должности старшего разведчика. Но служба

– лишь одна сторона его жизни. Другая связана со спортом, которому Алпысов верен с юности.

Еще с пятого класса он занимался греко-римской борьбой. В старших классах, обучаясь в гимназии, увлекся казахша күрес и самбо – и уже тогда стал чемпионом области.

Даже во время срочной службы он не оставлял татами: выступая за силовые структуры, дважды становился чемпионом области на первенстве «Динамо» по самбо.

Служба в пограничных войсках только укрепила его спортивную карьеру. В 2003 году он впервые принял участие в первенстве Пограничной службы по дзюдо. Это был его первый турнир в составе Пограничной службы. На нем он впервые надел кимоно – и сразу победа. Первое место.

С тех пор Д. Алпысов стал одним из сильнейших спортсменов ведомства. Он выступал первым номером в сборной Регионального Управления «Солтүстік» по дзюдо, самбо и рукопашному бою.

С 2004 по 2024 год Дулат Аманжолович входил в состав сборной Пограничной службы по самбо, представляя ведомство на различных соревнованиях.

Его спортивная копилка впечатляет: трехкратный призер первенства СНГ по самбо, абсолютный чемпион СКО по самбо и казахша күрес.

Даже спустя годы активной службы Алпысов не снижает планку. В 2025 году он принял участие в соревнованиях среди мастеров по самбо в городе Актау. Именно казахстанский пограничник стал абсолютным чемпионом, покорила высшую ступень пьедестала.

Но главная его опора – семья. С 2008 года он счастлив в браке с Гульмирой Жоламановой, которая работает экономистом в детском саду. В семье растут двое детей.

Сын Адильхан учится в лицее «Дарын» в 11 классе и уже проявляет себя в спорте – профессионально играет в футбол за клуб «Кызыл Жар», выступая за основной состав молодежной команды.

Девятилетняя дочь Аделя, ученица третьего класса того же лицея, увлекается плаванием, рисованием и лепкой.

Скоро в жизни старшего сержанта наступит новая глава. 8 мая, в день своего рождения, он уходит на заслуженный отдых. Но и здесь он не намерен останавливаться, ведь впереди у него чемпионат мира по самбо, который состоится в августе и на который он поедет уже в качестве пенсионера.

Как говорят в военной среде, такие люди уходят из строя только формально. Потому что характер, закаленный службой и борьбой, остается с человеком навсегда.

Майор Д. МУКАЖАНОВА, «ОС-ЧР».  
Фото из личного архива Д. АЛПЫСОВА.



## АБЫРОЙЛЫ ҚЫЗМЕТ

Эльвира Русланқызы Шығыс Қазақстан облысының Зайсан қаласында дүниеге келген. Ол шекарашы отбасында өскен. Әкесі – Руслан Джамбулатов, интернационалист жауынгер әрі шекара қызметінде ұзақ жылдар еңбек еткен тәжірибелі офицер. Әкесінің батылдығы, адалдығы және Отан алдындағы борышқа берілгендігі Эльвираның мінез-құлқының қалыптасуына ерекше әсер етті.

Мектепті тәмамдаған соң, ол Өскемен қаласындағы Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінде экономика факультетінде «Мемлекеттік басқару» мамандығы бойынша білім алды. Кейін заң факультетінде «Құқықтану» мамандығы бойынша білім алып, екі жоғары білімнің иегері атанды.

Өмірінің маңызды кезеңі – отбасын құру болды. Жары – қазіргі таңда запастағы полковник, шекара қызметінің ардагері Рауан Рамазанов. Олардың отбасылық өмірі шекара заставасында басталды. Бүгінде Эльвира мен Рауан Рамазановтар шаңырағында төрт бала тәрбиеленіп өсіп келеді. 2003 жылы тұңғыш қыздары, 2006 жылы екінші қыздары, 2015 жылы үшінші қыздары, ал 2019 жылы ұлдары дүниеге келді.

Эльвира Русланқызының шекара қызметіндегі жолы 2008 жылдың 8 шілдесінде басталды. Сол күні

**Мемлекеттік шекараны күзету – тек әскери міндет қана емес, отбасы бірлігің, төзімділікті, шыдамдылықты сынайтын өмір мектебі. Бұл қызметтің абыройы мен ауыртпалығы – әрбір шекарашының жүрек қалауымен, Отан алдындағы жауапкершілігімен өлшенеді. Осындай қызмет жолында қатардағы жауынгер Эльвира Рамазанова ҚР ҰҚК Шекара қызметі Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің күзет тобының атқышы қатардағы жауынгер Эльвира Рамазанова.**



ол ҚР ҰҚК Шекара қызметіне келісімшарт негізінде қабылданды. 2010 жылдың 16 қыркүйегіне дейін қызмет атқарып, кейін 2013 жылдың 19 ақпанында қайтадан әскери қызметке оралды. Содан бері бүгінгі күнге дейін ел шебінде адал еңбек етуде.

Кәсіби біліктілігі мен қызметке адалдығының арқасында Эльвира 2023 және 2025 жылдары «Департамент бойынша кезекші көмекшісі» номинациясында үздік деп танылды. Қазіргі таңда қатардағы жауынгер Эльвира Рамазанова ҚР ҰҚК Шекара қызметі ШҚО бойынша департаментінде қызметін абыроймен атқарып келеді.

Ел тыныштығын күзетуді басты борыш санайтын әскери қызметшінің қажырлы еңбегі мен табандылығы кейінгі буынға әрдайым үлгі болары сөзсіз.

**Подполковник Ф.БАКЕТОВ, «OS-ЧР».**  
Сурет департаменттен.

## ПРИМЕР ДЛЯ ПОГРАНИЧНИКОВ

**В Департаменте ПС КНБ по Мангистауской области немало военнослужащих, для которых служба стала делом жизни. Среди тех, кто с честью носит зеленую фуражку – старший сержант Айбек Турсынкулов, посвятивший ведомству более 11 лет.**



Свой путь Айбек начал на пограничной заставе «Форт-Шевченко» войсковой части 2018 Регионального управления «Береговая охрана». Начал службу стрелком, позже стал командиром отделения, а затем начальником радиолокационной станции.

За эти годы пограничник прошел не одну сотню километров вдоль побережья Каспийского моря. В те годы обстановка оставалась напряженной: в акватории активно действовали браконьеры. Пограничным нарядам приходилось выявлять и пресекать факты незаконного промысла, задерживать нарушителей, а в отдельных случаях действовать решительно, но в рамках закона.

Сложности добавляло и то, что в советский период на этом участке государственная граница отсутствовала. Местные жители не сразу воспринимали новые требования пограничного режима, поэтому становление службы проходило в непростых условиях.

– В те годы мы пешком обходили всю береговую линию, контролировали прибрежную зону, следили за выходом и возвращением маломерных судов, – вспоминает Айбек Турсынкулов. – Но постепенно ситуация стабилизировалась. Совместно с правоохранительными

органами и местными исполнительными структурами была выстроена четкая система взаимодействия. Сегодня большинство жителей региона законопослушно ведут промысел, соблюдают установленные правила и требования.

Профессиональный опыт и дисциплинированность А. Турсынкулова были отмечены руководством. Через восемь лет его назначили старшиной пограничного отделения «Каражамбас». А спустя два года он вернулся в родное подразделение, которое к тому времени было переименовано: прежняя застава «Форт-Шевченко» стала пограничным отделением «Тупкараган». Уже в должности старшины он продолжил службу там, где когда-то делал первые шаги.

Сегодня охрана морского участка государственной границы выстроена на качественно новом уровне. Подразделения оснащены современными радиолокационными станциями, тепловизионными комплексами и системами видеонаблюдения. Акваторию патрулируют пограничные корабли и катера. Все элементы работают как единая система, обеспечивая надежный контроль обстановки.

В этом слаженном механизме особая роль отводится старшине. Именно он отвечает за материально-техническое обеспечение подразделения, организацию быта личного состава, состояние имущества и дисциплину.

– От работы старшины напрямую зависит, в каких условиях несут службу военнослужащие и насколько эффективно они выполняют поставленные задачи, – рассказывает начальник пограничного отделения капитан Даурен Кулахмет. – Айбек Турсынкулов – человек дела: требовательный к себе и подчиненным, принципиальный, но справедливый, умеет организовать службу так, чтобы каждый военнослужащий четко понимал свою задачу.

За добросовестное исполнение служебных обязанностей старший сержант награжден нагрудными знаками «Отличник пограничной службы» I и II степеней, ведомственной медалью «За 10 лет безупречной службы». В 2024 году Айбек стал победителем в номинации «Лучший старшина пограничного отделения» среди подразделений департамента.

Несмотря на напряженную службу, пограничник находит время для семьи. Вместе с супругой Шолпан он воспитывает шестерых детей: двух сыновей и четырех дочерей.

Служба на границе требует выдержки, ответственности и полной отдачи. И такие военнослужащие, как Айбек Турсынкулов, ежедневно подтверждают: порядок в подразделении, надежность службы и уверенность в завтрашнем дне во многом держатся на старшине.

**Капитан А.ЖАНАЛИПОВ, «OS-ЧР».**  
Фото из личного архива А. ТУРСЫНКУЛОВА.

## ЕЛ ШЕБІНДЕ – ЕР НАМЫСЫ

**Ел тыныштығын күзету – үлкен жауапкершілік пен табандылықты талап ететін абыройлы міндет. Осындай қасиеттерді бойына сіңіріп, Отан алдындағы борышын адал атқарып жүрген әскери қызметшілердің бірі – сержант Айдос Бөрібеков.**

Айдос Кенжебеқұлы Қызылорда қаласының Тасбөгет кентінде дүниеге келген. Жастайынан спортқа жақын болып, Жалаңтөс Бақадүр атындағы спорт мектебінде білім алған. Спортқа деген қызығушылығы мен табандылығы оны биік белестерге жетеледі.

Әскери қызмет жолын 2008 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі Қостанай облысы бойынша департаментінің бір бөлімшесінде бастаған. Ал қоян-қолтық ұрыспен 2006 жылы Атырау қаласында әскер қатарында жүріп айналыса бастады. 2023 жылға дейін бөлімшеде, бүгінгі таңда «Көрібайбұлақ» шекара бөлімшесінде абыройлы қызмет атқарып келеді.

Сержант А.Бөрібеков – тек әскери қызметте ғана емес, спортта да жоғары жетістіктерге жеткен азамат. Ол – әскери самбодан спорт шебері, қоян-қолтық ұрысынан спорт шебері, сондай-ақ дзюдодан спорт шеберіне үміткер. Бұл – оның қайсарлығы мен үздіксіз еңбегінің нәтижесі. Отбасында – ардақты әке. 2013 жылы шаңырақ көтеріп, бүгінде 3 қыз бен 2 ұл тәрбиелеп отыр. Отбасы оның басты тірегі әрі өмірлік мотивациясы.

Сонымен қатар, Айдос Кенжебеқұлы қызмет барысында жас сарбаздарға тәлімгерлік көрсетіп, олардың әскери тәртіпті меңгеруіне және физикалық дайындығын шыңдауына ерекше үлес қосып келеді. Өзінің мол тәжірибесі мен кәсіби біліктілігін жас буынға үйрету арқылы ол бөлімшенің жауынгерлік дайындығын арттыруға ықпал етуде. Әскери қызметтегі жауапкершілігі мен адалдығы үшін сержант А.Бөрібеков бірнеше мәрте басшылық тарапынан марапаттарға ие болған. Ол әрдайым тәртіп пен талапты бірінші орынға қойып, әріптестері арасында сыйлы әрі беделді әскери қызметші ретінде танылып келеді. Осындай ер-азаматтар ел қауіпсіздігінің кепілі болып, жас буынға үлгі болары сөзсіз.

Ел шебінде қырағы қызмет етіп жүрген Айдос Кенжебеқұлына зор денсаулық, отбасына амандық пен қызметінде толағай табыс тілейміз.

**Аға лейтенант Ә.ТӨЛЕБАЙ, «OS-ЧР».**  
Суретті түсірген автор.



## ТӘЖІРИБЕЛІ ШЕКАРАШЫ



Еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігі ең алдымен мемлекеттік шекараны күзетіп тұрған шекарашылардың қырағылығына байланысты. Шекара қызметі – үлкен жауапкершілік пен табандылықты талап ететін қасиетті міндет. Осындай абыройлы қызметті жылдар бойы адал атқарып келе жатқан тәжірибелі шекарашылардың бірі – сержант Ербулан Бильтанов.

Ербулан Закирович 1982 жылы Абай облысы, Мақаншы ауданына қарасты Мақаншы ауылында дүниеге келген. Туған жердің шекаралық өңірде орналасуы оның бала кезден әскери қызметке, ел қорғау ісіне қызығушылығын оятты.

1988 жылы ол Мақаншы ауылындағы мектеп табалдырығын аттап, білім жолын бастады. Мектеп қабырғасында жүрген кезден-ақ техникалық салаға бейімділігі байқалып, болашақта осы бағытта қызмет етуді мақсат етті. 2003 жылдың мамыр айында Семей қаласындағы Уранхаев көшесінде орналасқан әскери мамандандырылған техникалық мектепті аяқтап, әскери-техникалық мамандық бойынша білім алды.

Осы жылы ол Отан алдындағы азаматтық борышын өтеуге шақырылып, 2003–2004 жылдары Талдықорған қаласы Қарабұлақ ауылында орналасқан 15603 әскери бөлімінде мерзімді әскери қызмет атқарып, 2005 жылдың 9 ақпанында Ербулан Закирович Мақаншы ауылында орналасқан 2086 әскери бөлімінде келісімшарт негізінде әскери қызметке қабылданды.

Алғашында жөндеу ротасының жүргізушісі болып тағайындалып, әскери техниканың дұрыс пайдаланылуы мен сақталуына жауапты қызмет атқарды. 2009–2010 жылдары «Тасты» шекара

бөлімшесінде техника бойынша бөлім басшысы қызметін атқарып, 2010 жылдың қараша айынан «Талды» шекара бөлімшесінде аға техник лауазымында қызмет етті. 2013 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаментіне қарасты Мақаншы ауданы бойынша шекара басқармасының аға техник жүргізуші лауазымын абыроймен атқарып келеді.

Ербулан Закирович – тек әскери қызметші ғана емес, сонымен қатар үлгілі әке, ардақты азамат. Ол – үш баланың әкесі. Көпжылдық адал қызметі үшін сержант Ербулан Бильтанов департамент басшылығының атынан алғыс хаттармен және марапаттармен бірнеше мәрте марапатталған.

Бүгінде ол туған жердің тыныштығын күзетіп, мемлекеттік шекараның беріктігіне өз үлесін қосып жүрген тәжірибелі шекарашы.

Сержант Ербулан Бильтановтың өмір жолы – Отанға адал қызмет етудің, еңбекқорлық пен жауапкершіліктің жарқын үлгісі. Мұндай азаматтардың еңбегі – ел қауіпсіздігінің кепілі, ал олардың қызметі жас шекарашылар үшін үлкен өнеге.

**Аға лейтенант Е.ҚАЙРТАЙ,  
«OS-ЧР». Суретті түсірген  
автор.**



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП  
ҚАУІПСІЗ ҚАЗАҚСТАН ҮШІН

## БОЛАШАҚ – ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА



Ел тағдырына қатысты маңызды шешім қабылданған тарихи сәтте Шекара қызметі Павлодар облысы бойынша департаментінің әскери қызметшілерінің 18 жасқа толған балалары алғаш рет дауыс беріп, азаматтық таңдауларын жасады. Бұл жас буынның ел өміріндегі елеулі оқиғаға бейжай қарамай, қоғамдық үдеріске саналы түрде үн қосқанын аңғартатын маңызды қадам.

Алғаш рет дауыс беру - әр азаматтың өміріндегі ерекше белес. Бұл кәмелеттік жасқа толған жастың ел болашағына қатысты өз таңдауын жасап, азаматтық ұстанымын танытатын жауапты сәт. Осындай мәні зор күні департамент бастығы, полковник Мадияр Жұмаділов әскери қызметшілердің балаларын ата-аналарымен бірге департаментке арнайы шақырып, оларға құрмет көрсетті.

Кездесу барысында жас азаматтарға алғыс хаттар табысталып, олардың ел өміріндегі маңызды науқанға белсенді қатысқаны атап өтілді.

Шекарашының отбасында өсіп, тәртіп пен жауапкершілік, Отанға адалдық пен борыш ұғымдарын бойына сіңірген жастар үшін мұндай қадамның мәні айрықша. Саналы ұрпақ - мемлекеттің берік тірегі. Сондықтан жастардың азаматтық белсенділігі мен елдік мүддеге деген жанашырлығы қай кезде де ерекше құндылық болып қала береді.

Шара соңында қатысушылар естелік суретке түсіп, жастарға қоғам өміріне белсене араласып, ел игілігі жолында адал қызмет ететін азамат болып өсуіне тілектестік білдірілді.

**Майор Г.САДЫКОВА, «OS-ЧР».  
Сурет департаменттен.**



Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың еліміздің Қарулы Күштері қатарында мерзімді қызмет атқарған әскери қызметшілерді запасқа шығару туралы Жарлығына сәйкес, ҰҚК Шекара қызметінің сарбаздары бірінші болып, туған үйлеріне орала бастады.



## САРБАЗДАР ҮЙГЕ ОРАЛДЫ

Осы аптада ең алдымен Алматы облысы бойынша департаментінің Ақпараттық қауіпсіздік бөлімі «Көктем-2025» шақырылымының сарбаздарын шығарып салу рәсімін өткізді. Шарада өздеріне жүктелген міндетті абыройлы орындағаны үшін қатардағы жауынгерлер: Еркебұлан Мейранбекұлы, Әділбек Кенжеғұл, Жәнібек Кәрімжан, Абылайхан Серікбай және Таңнар Ділмұрат департамент бастығының міндетін уақытша атқарушы полковник А.Алиевтің Алғысхатымен марапатталды. Бөлім бастығының орынбасары лейтенант Азиз Османов үйлеріне оралатын маңызды сәт туған сарбаздарға Отан алдындағы адал қызметтері үшін алғыс айтты.

Сонымен қатар, мұндай сүйінші жаңалықты Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасының үйге оралатын күнді асыға тосып жүрген сарбаздары да қуана қарсы алды. Әсіресе аталған шекара басқармасына қарасты «Сұңқар» шекара бөлімшесінің сарбаздары осынау жүрекжарды сәтті әлеуметтік желілердің біріне салып үлгеріпті. Мұнда әскери көлікке отырған өздерінің қаруластарымен қол бұлғап қоштасып жатқан шекарашылар көрінеді.

Иә, бұл – бұрыннан келе жатқан дәстүр. Әскерден қайтатын сәт туғанда сарбазды алдымен шекара бөлімшесінің бастығы соңғы рет сапқа тұрғызып, барлығымен, қол алысып, қоштасады. Сосын, кезек әскердің қызығы мен қиындығы қатар өрілген өмірін бірге өткерген қарулас достарына келеді.

Олар достары мінген көлікті қақпадан итеріп шығарады... Осы сәттен бастап, сарбаздар үшін «қарулас» деген ұғым – нағыз достықтың белгісі. Бұл – бала кезден бері жалғасып келе жатқан нағыз достықтан да артық...

...Сонымен, Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасының ұжымы 100-ге тарта сарбазды туған үйлеріне салтанатты жағдайда шығарып салды. Ал Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасы бастығының тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары подполковник Т.Табылдиевтің айтуынша, алғашқы болып, 24 сарбаз басқармамен қоштасқан. Әскерден кейін қызметтерін келісімшарт шарт негізінде жалғастыруды шешкен жеті сарбазға бұйрық шығыпты. Тағы да бір сүйінші жаңалық, үш сарбаз шекарашы офицер атану үшін ҰҚК Шекара академиясына оқуға түсуге бел бұған көрінеді. Ал туған үйлеріне оралған сарбаздар жауынгерлік даярлық қызметінде көзге түскені үшін шекара басқармасы бастығының грамотасымен марапатталып, осындай патриот ұл тәрбиелегені үшін олардың ата-аналарына Алғысхат жолданатын болды.

Иә, бүгін оларды ата-анасы, туған-туыстары сағынып күтуде. Енді сарбаздар туған жерге абыроймен оралып, алған тәлім-тәрбиесін өмір жолында жалғастырады. Сарбаздарды шығарып салу дәстүрі – әскери өмірдің ажырамас бөлігі. Бұл – ел қорғау жолындағы еңбекті бағалау, азаматтық борышты өтеудің айқын көрінісі.

«КӨКТЕМ-2026»

## ШЕКАРАШЫЛАР САПЫНА ҚОСЫЛДЫ

Көктемнің алғашқы айы еліміз үшін айшықты оқиғаларға толы болды. Референдум, Наурызнама, жастарды әскерге шақыру науқанының басталуы...

Міне, осы аптада ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің Ақжардағы техникалық және кәсіби даярлық бөліміне әскерге шақырылғандардың алғашқы легі де келе бастады. Республиканың түкпір-түкпірінен келген болашақ шекарашы сарбаздарды қабылдап, оларды медициналық тексеруден өткізген соң құжаттарын қабылдау секілді маңызды шаралар да басталып кете барған. Осынау қарбалас сәттің үстінен түскен бізге өз кезегін күтіп тұрған жас жігіттерді сөзге тартудың сәті түскен. Сөйтсек, олардың ішінде әскерге бірге алынған ағайындылар да бар болып шықты. Ерасыл мен Жанәсіл Қуаттар. Өздері Талдықорған қаласынан екен. Тағы бір қызығы, ағайынды сарбаздардың үлкені Ерасыл жоғары білімді, Алматы қаласындағы жоғары оқу орындарының бірін бітірген. Жанәсіл өзінің туған қаласындағы Илияс Жансүгіров атындағы университеттің физика-математика факультетінің 2-ші курс студенті. Әскер қатарына шақырту алған ағасымен бірге қызмет ету үшін академиялық үзіліс алған көрінеді.

Ал медициналық тексеруден өтіп жатқан бозбалалардың ішінен Александр есімді сарбаз әскери мектепті бітіріпті. Алайда өзі таңдаған әскери жоғары оқу орындарының біріне түсу бақыты бұйырмаса керек. Сондықтан, шекарашылар сапына өзі сұранған жас жігіт әскерден кейін қалайда офицер атану үшін ҰҚК Шекара академиясына қайта бағын сынап көргісі келеді. екен... Өзі қазақшаға судай. Өкінішке орай, өзімен сұхбатымыз аяқталмай қалды. Кезегі келіп, медициналық тексеруден өту үшін ішкі кіріп кеткен Сашамен әңгімемізді алдағы күндері қайта жалғастыратын болып шештік.



Сағат 11-ден 30 минут өткенде қақпа қайта ашылып, ішке енген автобустан түскен әскер қатарына шақырылушыларды патриоттық ән мен ыстық бауырсақ қарсы алған. Әрі қарай, оларды бөлімнің медициналық лазареті күтіп тұр. Содан кейін ғана барып, оларға әскери киім берілген соң келісімшарт негізіндегі әскери қызметшілердің бастауымен моншаға барады. Бұл – әскери өмірдің аппақ парағы айқара ашылғанын білдіреді...

...Түстен кейін ҚР ҚМ қорғаныс істері жөніндегі департаментінің қалалық жиын пунктінде 50-ге тарта әскерге

шақырылушыны шығарып салуға арналған салтанатты рәсім өтті. Мұнда «Застава тарландары» республикалық қоғамдық бірлестігінің Алматы қалалық филиалының төрағасы отставкадағы полковник Н.Мұздыбаев бастаған шекарашы ардагерлер мен ата-аналар, қаладағы әскери-патриоттық клубының мүшелері қатысты. Сондай-ақ, жиынға қатысушылар шараның өрін кіргізген патриоттық рухтағы шағын концертті тамашалады. Рәсім соңында ата-аналарға ұлдарымен естелік суретке түсіп, қоштасуларына мұрсат берілді.

Міне, біз бір күннің ішінде өткен басты

жаңалықтарға тоқталдық. Айтар болсақ, Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасының оқу базасы 100-ге тарта әскерге шақырылушыны қарсы алса, тағы 50-ге жуық жас жігіт қазақ-қытай шекарасын күзететін шекара басқармасына жол тартты. Осыған ұқсас салтанатты рәсім жұма күні Алматы облысының орталығы Қонаев қаласында да өтті. Облыс әкімі шығарып салған шара туралы бөлек қалам тербейтін боламыз.

Бетті әзірлеген әскери журналист  
Т.ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-ЧР».  
Суреттерді түсірген автор.



Сәлем хат

Құрметті Анам, әкем! Қандай порция қалай? Анам есен шықпап иуроғуерме. Бауырларым Дилан, Әлихан, Диакелордың иыздайлары қалай. Мен өзіме келсем, қандайым иықсы қулағым бір қалыпта, шекарадамыз хүні түні қулағымке иызғамыз сымдай сәттері сиздерді ойлағымин, сизиминин. Әсіресе түнде түндүк ішіңке көтіп бора иытқак кезге сиздердің осы сәт ұйықтап иытқак сәттеріңізді, осылағыминда меңке бір лехтоқия сезімі пайда болотыны бар: "Мен түгәқуариннің үйқисин күзетіп иурғым" деген.

Мұнда көп көрсе үйреңдім. Достар топтим

Әке, нұсқакан көз иеккіздім өлеірде қаруластық орнақ бөлек екен, қандай қыындық болсада бірге бөлісесің, бірге көтересің. Мен сөзгән көз иеккіздім.

Ал мақен, менің қулағымке иызғамин уақыттин болды. Мені уайымда мауызда бөрілген иықсы, күшмақтадым!

Сәлеммен, ұлұоринқия Нұрхан Омірзақ

Шекара қулағымді Алматы облысы Бөсінисше Дөпортоиекітінің Қураеой мексире Басқармасы "Қостек" Шекара бөліңмесі



OTAN SAQSHYSY

Часовой Родины  
 ҚР ҰҚК Шекара қызметінің апталық газеті  
 Мемшік иесі: Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі  
 Редакцияның мекенжайы: Астана қаласы, Лепсі көшесі, 63.  
 Бас редактор: 8 (7172) 57 00 38

Жауапты хатшы: 8 (7172) 72 81 57  
 Бөлімдер: 8 (7172) 72 81 56  
 E-mail: smi\_rogtan@mail.ru  
 ҚР ҰҚК Шекара қызметінің ресми сайты: gov.kz/memleket/entities/shekaraklb  
 Бас редактор: Рахат Нұрғалиев  
 Редактор: Азамат Муханов  
 Жауапты хатшы: Еркін Қайбуллин

Компьютерлік безендіру және беттеуші: Нұрхан Кабдулов  
 Корректорлар: Өркен Шопашев  
 Нөмірдің кезекші редакторлары: Олжас Жақсылықов, Диас Жамұхамбетов

Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Жарияланған материалдардағы уақыт пен деректердің, цифрлардың дәлдігіне автор жауап береді.  
 Газетті есепке қою туралы № 1394-г күәлікті 2000 жылғы 1 тамызда Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық министрлігі келісім берген.  
 "OS-CP" газеті ҚР ҰҚК ШҚ Әскери-патриоттық қызмет басқармасында теріліп, беттелді.